

Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 12 сәуіріндегі № 26/09 "Сәтбаев қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ұлытау облысы Сәтбаев қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 59/06 қаулысы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 12 сәуірдегі №26/09 "Сәтбаев қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы қаулысына келесідей өзгеріс енгізілсін:

"Сәтбаев қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесінің 7 тармағындағы қазақ тіліндегі "Қарағанды облысы" сөзі "Ұлытау облысы" сөзіне, орыс тіліндегі "Карагандинская область" сөзі "область Ұлытау" сөзіне ауыстырылсын.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Сәтбаев қаласы әкімдігінің 12.04.2022 №26/09 қаулысы түскен жоқ.

2. "Сәтбаев қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы (Сейлова Ж.С.) Ережеге енгізілген өзгерістердің уәкілетті тіркеуші органда тіркелуін қамтамасыз етсін және заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Сәтбаев қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Ж.С.Сейловаға жүктелсін.

Сәтбаев қаласының әкімінің міндетін атқарушы

Ш.Әубәкір